



МЕКТЕП МӘЗІРІНЕ МӘН БЕРІЛСЕ...

5-БЕТ | САРАПТАМА



МАЙДАНДА ХАТ ТАСЫҒАН

6-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

7-БЕТ | ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАННАН БАСҚА
ОТАНЫМЫЗ ЖОҚ. ТУҒАН
ЖЕРІМІЗДІ ЕШКІМ СЫРТТАН КЕЛІП
ТАЗАЛАП, КӨРКЕЙТІП БЕРМЕЙДІ.
ОТАНЫМЫЗДЫ ТАЗА ҰСТАУ – ӘР
АЗАМАТТЫҢ ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗЫ.

№46
(4790)
Сейсенбі
22 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен Ұлы Отан соғысының ардагерлерін іздеуге және байланыстыруға арналған «Батырларға тағзым» атты онлайн платформа іске қосылды.

Онлайн платформаға Ұлы Отан соғысының ардагерлері жайлы тың мәліметтер жариялауға, сол сияқты батырлар жайлы ақпараттар табуға болады.

Оған қатысу үшін Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагердің тарихын, фотосуретін және жұрт білмейтін қырлары, сондай-ақ құжаттары, алған наградалары, соғысқан аймақтары жайлы ақпарат жариялауға болады.

«Батырларға тағзым» жобасы – Ұлы Отан соғысына үлес қосқан отандастарымыздың жадын сақтау үшін арнайы құрылған, бұл біздің ортақ тарихымыз бен парымыз, бұл біздің соғысқа қосқан үлесіміз» деп жазды платформа басшылығы.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ӨМІР САЛТЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалі аясында Астана қаласындағы «Жастар» саябағында экобелсенділермен бірге ағаш екті. Соңғы үш күнде «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясы аясында еліміз бойынша 4,5 миллионға жуық көшет отырғызылды.

Кеше Президент елорданы көгалдандыру және абаттандыру жоспарымен танысты. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек биыл елордада 1 миллионнан астам түп жасыл желек егу жоспарланғанын, 180-нен аса қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру жоспарланып отырғанын айтты.

Аталған жұмыстар шаһардың тарихи көшелерінде, Президент саябағында, Үкімет үйінің айналасында, Есіл өзенінің жағалауында, «Мыңжылдық» аллеясында, Триатлон паркінде, Greenline бульварында, Желілік саябақта, вокзал маңы мен Ил-

люзия паркінде, Сығанақ, Ш.Қалдаяқов, Гете, Біржан сал және басқа да көшелердің бойында жүргізіледі.

Сондай-ақ Ақбұлақ өзенінің арнасын тазалау жалғасады. Келесі айда «Қазақстан» спорт кешенін жаңғырту жұмыстары басталады.

Астанада ағаштарды құжаттандыру және цифрландыру арқылы есепке алу шаралары қолға алынады. Қала тұрғындары QR кодтың көмегімен ағаш туралы ақпарат алып, оған қатысты мәселе туындаса тиісті органдарға хабарлау мүмкіндігіне ие болады.



Астана әкімдігі LRT құрылысына байланысты қала тұрғындарына ескерту жасады.

Елорда қонақтары мен тұрғындарына қыркүйек айының соңына дейін екі көшенің жабылатыны ескертілді. Жолдардың кейбір учаскелерінде LRT құрылысына байланысты қозғалысты шектеу жоспарланып отыр деп хабарлады Астана әкімдігі.

LRT құрылысының жоспарына сәйкес: 20 сәуір сағат 21.00-ден 25 қыркүйекке дейін 113 станцияда Министрліктер үйінен жерүсті жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысына байланысты, Сығанақ көшесінен Мәңгілік ел даңғылына (Достық көшесі бағытында) қарай, Арыс көпірінен қозғалатын көлік үшін оң жақты сьездегі қозғалысты толық шектеу жоспарланып отыр.


22 сәуір сағат 22:00-ден бастап 20 қыркүйекке дейін Қабанбай батыр даңғылының «Астана жұлдызы» стеласы жағынан Хусейін бен Талал көшесімен қиылысына жетпей 106-станция қасбетінің құрылысын орындау үшін, автожолды үш жолақтан бір жолаққа дейін тарылту жолымен шектеу енгізіледі.

АБАЙ САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ

Арменияда өткен Қазақстанның мәдени күндері аясында Ереван қаласында Абай Құнанбайұлы атындағы саябақ ашылды.

«Армения астанасында қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған саябақ ашылды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Республикасына ресми сапары аясында Астана қаласындағы бір көшеге армян әліпбиінің негізін қалаушы Месроп

Маштоц есімін беру туралы екі-жақты келісім жасалғаны белгілі. Бүгін біз сол келісімнің, достық пен тығыз мәдени байланыстардың айқын көрінісіне айналғанын көріп отырмыз» деп атап өтті деді Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева саябақтың ашылу салтанатында.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 593.5 \$ USD/KZT 521.9 ₸ RUB/KZT 6.39 ¥ CNY/KZT 71.47

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№46 (4790) 22/04/2025 Сейсенбі

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«Осыдан бір жыл бұрын бәріміз бір ел болып «Таза Қазақстан» жобасын бастадық. Мен, ең алдымен, осы жалпыұлттық бастамаға алғашқы күннен бастап белсене қатысып жатқан әр азаматқа шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, солардың қатарында өздеріңіз сияқты жалынды әрі дарынды жастарымыз өте көп. Сіздер еліміздің әр аймағында еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрсіздер. Бұл – үлгі боларлық іс. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздерді әрдайым қолдаймын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тазалықтың мәні мен мағынасы жайындағы пікірімен бөлісіп, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші деп баға берді. Сондықтан тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келе жатқанын еске салды.

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегін де ерекше атап өтті. Оның айтуынша,



волонтер болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат болу, яғни, патриот болу деген сөз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы экологияны жақсартуға кәсіпорындар мен кәсіпкерлер зор үлес қосып жатқанына тоқталды. Президент «Таза Қазақстан» аясында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын, миллиондаған



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БІР КҮНДІК НАУҚАН ЕМЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде сөз сөйледі. Президент сөзінде бүгінгі жиынның маңызына тоқталып, «Тазалық» фестивалі өте тағылымды іс-шара екенін айтты.

тонна қоқыс жиналып, көшет егілгенін тілге тиек етті. Бұл ретте «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясының

аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың

Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» компаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға, қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді. Мен жаңа ғана көрмені араладым. Онда экологияға мән берген кәсіпорындарымыздың жұмыстары қойылған. Оларға ризашылығымды білдіремін. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Тұтас елдің сана-сезімі өзгере бастады. Жастарымыз мұны терең түсінеді» деді Президент.

Мұнан соң Мемлекет басшысы жастар ұсынған жобалармен танысқанын жеткізіп, әр бастамадан туған елге, табиғатқа деген қамқорлық байқалатынына назар аударды. Мысалы, Дана Есенғали мен Камила Қышқашбаеваның жобаларына тоқталып, бұдан қазақ жастарының жасампаз болмысы көрінетінін, ел мен жерге шынайы жанашырлығы білінетінін мәлім етті. Сонымен қатар Қазақстанның болашағы осындай санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында екенін баса айтты.

«Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтпін бермейді. Отанымыз-

ды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни, сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы – жарқын, жолы – ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбекжор болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік



тілеймін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фестиваль соңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан, қоғамда тазалық мәдениетін дәріптеуге ерекше атсалысқан бір топ жас марапатталды.

Сонымен бірге Президент «Таза Қазақстан» экофестиваліне арналған көрмені тамашалады. Қасым-Жомарт Тоқаев көрме экспозицияларын аралап көрді. Мұнда қоқыс өңдеу, өндірістік кәсіпорындар жобалары, табиғат тазалығы бойынша стартаптар, мектеп оқушыларының экологиялық бастамалары, сонымен қатар балалардың қоршаған орта тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстары қойылған.

ЕЛОРДАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жеңіс Қасымбек биыл Астана қаласында 1 миллион түптен астам жасыл желек егу жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар 180-нен аса қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру көзделіп отырғанын жеткізді.

Аталған жұмыстар шаһардың тарихи көшелерінде, Президент саябағында, Үкімет үйінің айналасында, Есіл өзенінің жағалауында, «Мыңжылдық» аллеясында, Триатлон паркінде, Greenline бульварында, Желілік саябақта, вокзал маңы мен Иллюзия паркінде, Сығанақ, Ш.Қалдаяқов, Гете, Біржан сал және басқа да көшелердің бойында жүргізіледі.

Сондай-ақ Ақбұлақ өзенінің арнасын тазалау жалғасады. Келесі айда «Қазақстан» спорт кешенін жаңғырту жұмыстары басталады. Астанада ағаштарды құжаттандыру және цифрландыру арқылы есепке алу шаралары қолға алынады. Қала тұрғындары QR кодтың көмегімен ағаш туралы ақпарат алып, оған қатысты мәселе туындаса тиісті органдарға бабарлау мүмкіндігіне ие болады.

ӘРБІР ЕКІНШІ НЕКЕ БҰЗЫЛАДЫ

Алимент төлемейтін борышкерлердің жасырын табысын анықтаудың жолы табылды. Бұл туралы Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев мәлім етті.

«Борышкердің әлеуметтік мәртебесі туралы қажет мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйе Еңбек министрлігінің ақпараттық жүйесімен интеграцияланады. Сонымен қатар, агрегатор-сайттар (яндекс, индрайвер және т.б.) арқылы жұмыс істейтін

борышкердің жасырын табысын анықтаймыз» деді ол Мәжілістегі жеке сот орындаушылары институтының проблемалары тақырыбына арналған Үкімет сағатында. Министр қазір борышкерлердің өзге де кіріс көздерін анықтау және олардан қарызды өндіріп

алу мүмкіндіктеріне талдау жасалып жатқанын жеткізді (электрондық әмияндар арқылы, букмекерлік компаниялардан, бағалы қағаздармен сауда биржасынан, криптовалюта операцияларынан, желілік маркетингтен, такси қызметтерінен және т.б. алынған кіріс көздері).

Ерлан Сәрсембаев Қазақстанда ажырасу саны кемімей тұрғанына тоқталды. «Өткен жылы 61 080 ажырасу тіркелген, бұл неке қию санының

(124 774) жартысына жуығына тең. Осы тұста отбасы институтын нығайту және балалардың мүдделерін қорғау бойынша жауапты мемлекеттік органдар кешенді жұмыс жүргізуі қажет деп санаймыз» деп атап өтті министр. Ол қоғамдағы бұрынғы құндылықтар жоғалып бара жатқанын тілге тиек етті. «Статистика әр екінші неке бұзылып жатқанын көрсетіп отыр. Сәйкесінше, отбасы, оның ішінде балалар зардап шегеді. Бұл тұрғыдан

алғанда, сіз көтеріп отырған мәселе расымен ерекше назарды талап етеді. Бүгінде «қызыл» аймаққа енген 12 мың алимент төлеуге міндеттелген адам назар аудартады. Олар бойынша жеке сот орындаушылар тарапынан нүктелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Заң тұрғысынан алғанда, әкімшілік жауапкершіліктен қылмыстық жауапкершілікке дейінгі барлық тетік бар. Бірақ мұнымен мәселе шешілмейтін жақсы түсінеміз» деді ол.

«JOLTAR» – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Астанадағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде азаматтар мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алады. Мұнда «JOLTAR» әлеуметтік жобасы мемлекеттік қолдау шаралары, атаулы әлеуметтік көмек, бизнесті ашу үшін өтініш беру, оқыту, жұмыс іздеу бойынша тегін кеңес беру мүмкіндігін ұсынады. Бұл жоба қалалық әкімдіктің бастамасымен және «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асып жатыр. Оған кез келген адам қатыса алады.

Жобаға қатысу – тегін. Мұндағы мақсат – азаматтардың табысын арттыру үшін жағдай жасау.

Елордадағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттеріне 30 мыңға жуық адам жүгінген. Ал жұмысшы және цифрлық дағдылар бойынша 11 мың түлек оқытылды. Солардың бірі – Гүлайым Сыздықова. Ол «JOLTAR» жобасы арқылы «Бухгалтерлік есеп негіздері» мен сатушы-кассир оқуын аяқтап, елордада өз кәсібін ашты. «Осы жобаның арқасында жеке асханамды аштым. Күрста алған білімім қазір пайдаға жарап жатыр. Мұнда сатушы-кассир ретінде адамдармен тіл табысу дағдыларын үйрендім. Мәселен, жеке кәсібім бойынша салық төлеу, жылдық есептерді өзін тапсырамын. «JOLTAR» жобасына алғыс білдіремін, өте пайдалы курс, бастысы – тегін» деді жобаға қатысушы.

Қатысушылар бір айда тегін жаңа



мамандық игеріп шығады. Сонымен қатар олар теорияны практикамен ұштастырады. Бұл жоба бойынша елордалықтар цифрлық және жұмысшы мамандықтарын оқып, сертификат алуына болады. Қазірге дейін жо-

баға қатысушылардың біразы техникалық мамандықтарды игерсе, енді бірі цифрлық саланың тілін меңгерді. Табысын арттыруды мақсат еткен жандардың өтінішін модульдік пункттерде арнайы мамандар қабылдайды.

СУПЕРКОМПЬЮТЕР ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ АШАДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PARAM BILIM 2 суперкомпьютері салтанатты түрде іске қосылды. Есептеуіш қуаты жоғары құрылғының мүмкіндіктерін студенттер мен ғалымдар пайдалана алады.



Индира БЕРЖАНОВА

Ақкөл қаласында салтанатты түрде ашылған жаңартылған суперкомпьютер Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекет басшысының ұлттық жоғары тиімді есептеуіш инфрақұрылымын дамыту қажеттігі туралы тапсырмасын жүзеге асыру аясында пайдалануға берілді. Мұны мәлімдеген Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова суперкомпьютердің жасанды интеллекттің дамытуға айрықша үлес қосатынын атап өтті.

Жаңартылған PARAM BILIM 2 суперкомпьютері – 1 петафлопсқа дейінгі ең жоғары өнімділігі бар замана-

уи есептеу кешені. Онда Үндістанның C-DAC орталығы әзірлеген High Performance Computing (HPC) бағдарламалық платформалары бар.

PARAM BILIM 2 қазірдің өзінде жасанды интеллект, тілдік модельдер, заттар интернеті, кванттық технологиялар және посткванттық криптографияны қоса алғанда, 30-дан астам ғылыми бағыттар бойынша модельдеу және аналитикалық есептеулер үшін қолданылады.

Таныстырылымнан соң, іс-шара «Қазақстанның цифрлық трансформациясы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясымен жалғасып, бір алаңда ғалымдар мен жас зерттеушілерді біріктірді. Жиында сөз сөз алған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры

Ерлан Сыдықов жобаға «Қазақтелеком» ұйымы бастамашы болғанын айтты.

«Үкімет аралық келісім шеңберінде Үндістанның елімізге тарту еткен PARAM BILIM 1 суперкомпьютерімен студенттерді оқытып, бірқатар жобалардың тиімділігін көріп келеміз. Ендігі ашылған құрылғы ғалымдарға жаңа мүмкіндіктер бермек. Суперкомпьютердің Ақкөл қаласында ашылуының себебі, мұнда Республикалық ғарыштық байланыс орталығы бар. Орталықпен екіжақты байланыс орнатып, бүгінде білікті мамандарды даярлау мақсатында түрлі бастамаларды қолға алып келеміз. Мұндағы қызметкерлер арасында университет түлектері баршылық. Сондықтан салтанатты жиын аясында «Ақпараттық технологиялар» факультетінің филиалы ашылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен Ұлттық құрылтай барысында ғылыми қалашықтарды ашып, дұрыс жолға қою бастамасын көтерген еді. Осы мақсатта Астанадан алыс емес бұл қалашықта ғалымдар топтаспа деген ойдамыз» деді Е.Бәтташұлы.

Елімізде мұндай суперкомпьютер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде бар. Ал Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне тиесілі суперкомпьютер 1 секунд ішінде 10-15 дәрежесіндегі жұмыстарды жүргізе алады. Яғни қарапайым компьютерден ондаған есе тез жұмыс істей алуға қабілетті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Астанада Ailand астаналық океанариумының бастамасымен аквариумистика бойынша екінші халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шараға түрлі елдерден, оның ішінде Қазақстан, Ресей, Индонезия және басқа да мемлекеттерден ірі океанариумдар мен зерттеу орталықтарының өкілдері қатысты.

Конференция аквариум және

аквамәдениет саласындағы мамандардың басын қосып қана қоймай, халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, ғылыми және коммерциялық жобалар үшін жаңа мүмкіндіктер жасай отырып, Қазақстанда

ғылымның дамуына ықпал етеді.

Талқылау барысында Астана океанариумының ұжымы Ailand медузаларды, балықтарды және гидробионттардың басқа да түрлерін өсіру тәжірибесін ұсынды.

«Астана-Өрнек» ЖШС, БСН 060540003924, жарғылық капитал мөлшерінің 1 394 424 853,51 (бір миллиард үш жүз тоқсан төрт миллион төрт жүз жиырма төрт мың сегіз жүз елу үш) теңгеге елу бір тиынға дейін азайғаны туралы хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 22. Тел.8 7172 242018.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ҰСТАЗЫ СМАРТФОН ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

«Әкем ұрысқаннан гөрі, лайк басса екен» дейтін ұрпақ өсіп келеді. Бұл – бүгінгі әлеуметтік желінің шынайы бейнесі мен ұрпақ тәрбиесіне сіңіріп жатқан көзге көрінбейтін, бірақ өте қауіпті ықпалы. Смартфон – баланың жаңа тәрбиешісіне, TikTok – жасөспірімнің ұстазына, Instagram – ержетіп келе жатқан жеткіншектің болмыс айнасына айналды. Бұған кім кінәлі? Технология ма, әлде оны тізгіндей алмай отырған ата-ана ма? Жақында Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы Парламентте «жасөспірімдердің әлеуметтік желілерді пайдалануын заңмен реттеу керек» деген мәселе көтерді.

Қалиқабар УСЕМХАНҰЛЫ

Депутат келтірген деректерге сенсек, Қазақстандағы балалардың 88%-ында жеке смартфон бар екен. Ал ата-аналардың 62%-ы баласының гаджетке телмірген уақытын бақылайтын арнайы бағдарламалар орнатпайды, шектеу қоймайды. Бұл – шын мәнінде, әлде бір тәрбиесіз экранға беріп қою. Қай ата-ана баласын бейтаныс адамдармен оңаша қалдырады? Бірақ интернеттегі ашық желі – дәл сондай орта. Абайламаса, сәнаны улап, көзқарасты өзгертетін, құндылықты терістейтін кеңістік. Себебі баланың психикасы, мінезі мен қызығушылығы осы кезеңде қалыптасады. Ал TikTok-тағы кез келген тренд, Instagram-дағы жылтырақ өмір көріністері баланың шынайы өмірден алшақтап, жалған ұғым қалыптастыруына себепкер

болып жатқаны да жасырын емес.

Баланың телефонмен тым ерте «қауышуына» себепкер болып отырған да – үлкендердің өзі. Қазір баланың қолына смартфонды «мазаламау үшін» ұстата салатын әке-шеше аз емес. Ал кейін баласының виртуал әлемнен шықпай, тұйықталып, күйзеліске ұшырап, агрессияға бой алдырғанына алаңдайтын да тағы сол ата-ана.

Сондықтан Қазақстанда балаларды әлеуметтік желіге тәуелділіктен қорғау үшін тек заңмен ғана емес, қоғамдық санада да бетбұрыс жасау қажет сияқты. Ата-ана баламен сөйлесуді, бірге уақыт өткізуді, кітап оқуға қызықтыруды онымен шынайы өмірде достасуды қайта үйренуі керек. Себебі бала тәрбиесін TikTok-тағы трендтерге қалдырсақ, ертеңгі ұрпақ тек смартфоннан шабыт алатын болады. Ал шабыт қайдан келсе, болмыс та сол жаққа бұрылады.

ЕРЕКШЕ МАСТЕР-КЛАСС

Пасха мерекесі қарсаңында елорданың Достық үйінде Пасха жұмыртқаларын бояу және Пасха бәліштеріне қамыр жасау бойынша ерекше шеберлік сабағы өтті. Оған ерекше қажеттіліктері бар балалар мен түрлі этнос өкілдері қатысты. Іс-шараны Астана қаласының Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы аналар кеңесі ұйымдастырды.

Балалар щетка, қарындаш, аппликациялар және басқа да сәндік материалдарды пайдаланып, Пасха жұмыртқаларын бояуды, бәлішке қамыр дайындауға қатысып, ерекше рецепт үйренді. Мастер-класстың көркіні түрлі тәттілер арттыра түсті. Олардың арасында мейіз қосылған Пасха бәліштері, сүзбе пасха торты және боялған жұмыртқалар бар.

– Мен барша қазақстандықты Пасха мерекесімен құттықтап, бақыт, жақсылық және биік шыңдарды бағындыруды тілеймін! – деп өз әсерімен бөлісті мастер-класс қатысушыларының бірі Кирилл Чернов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай форматта Пасха шеберлік сабағы алғаш рет өтті. Ол – Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шаралардың бір бөлігі. Жоспарда этносаралық бірлікті нығайтуға және толеранттылық мәдениетін дамытуға бағытталған жаңа кездесулер мен шығармашылық шараларды өткізу бар.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚТЖ Жүк тасымалы» - «ЖТ Ақмола бөлімшесі» ЖШС «Астана станциясы бойынша ППОЛ күрделі жөндеу» жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен платформада танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>, онда қоғамдық талқылаулар 29.04.2025 пен 06.05.2025 аралығында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері платформада қабылданады <https://ndbecology.gov.kz/>. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «ҚТЖ Жүк тасымалы» - «ЖТ Ақмола бөлімшесі» ЖШС, Ақмола обл., Қокшетау қ., Вернадский к., 1 үй; БСН: 160641012676; тел.: 8-7162-29-40-69. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеуші: «Чигина Т.О.» ЖК, Павлодар қ., Ак.Сатпаев к-сі, 253, пәтер 150, тел.: 87017587646.

Жария тыңдаулар өткізу кезінде көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: chigina.to@mail.ru және телефон 87017587646.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, телефон 8 (7162) 40-28-07.

№46 (4790) 22/04/2025 Сейсенбі

ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жуырда Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» қоғамдық кеңесінің биылғы алғашқы отырысы өтті.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ЖАРНАМАДАҒЫ ТІЛ ТАЛАПТАРЫ: ТЕКСЕРУ МЕН ТҮЗЕТУ

Жиын басында аталмыш кеңестің өткен жылғы жұмысы қорытындыланып, биылғы жоспары мен жаңа жағдаймен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Досжан Исабек таныстырды.

Оның айтуынша, өткен жылы елордада 1315-тен астам ғимарат пен құрылыстардың қасбеті тексерілді. Нәтижесінде заң талаптарына сәйкес келмейтін 6700-ден астам жарнама алынып тасталды. 4800-ге жуық жарнамаға ілместен бұрын алдын ала түзету енгізіліп, әдістемелік көмек көрсетілді. Аталмыш басқарма 600-ге жуық жеке және заңды тұлғаны қабылдап, қажетті кеңестер берді.

Бас қаланың біртұтас сәулеттік-көркемдік келбетін сақтау жұмысымен қала әкімдігіне қарасты «Астана-Жарнама» мемлекеттік мекемесі айналысады. Бұл мекеме сонымен қатар елордада орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы бақылауда ұстайды. Алты аудан

әкімдігінің қызметкерлері де елорданың келбетіне сай келмейтін заңсыз жарнамаларды жою және кәсіпкерлерге түсіндіру жұмысын тұрақты түрде өткізіп, тиісті буклеттерді таратады.

Қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Астана қалалық кәсіпкерлік палатасымен бірге бизнес нысандарында тіл талаптарын сақтау бойынша мониторинг жүргізеді. Сонда көрнекі ақпараттарды қазақ тілінде сауатты жазу, түбіртектерді қазақ тілінде шығару, қазақ тілінде сапалы қызмет көрсету мәселелері де түсіндіріледі.

ТҮРҒЫН ҮЙ КЕШЕНДЕРІ ҚАЗАҚЫЛАНА МА?

Отырыста баяндамашыға кеңес мүшелері тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Кеңес төрағасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің деканы, ақын, ғалым Серікзат Дүйсенғазы көліктегі жарнама мәселесін көтерді. «Наз» мемлекеттік би театрының директоры Еркебұлан Ағымбаев тұрғын үй кешендерінің атауларын қазақыландыру керектігін атап өтті. Оған Досжан Исабек бірқатар құрылыс компанияларымен тиісті жұмыс жүргізіліп, қазақы атаулар ұсынылғанын жеткізді. Бұл мәселеге келген

де мұқият болу керектігін айтқан Серікзат Дүйсенғазы «Мұзтау» секілді жалпыұлттық, баршаға түсінікті атауларды қою керектігін ескертті.

Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркебаев тіл мәселесіне келгенде мұғалімдердің ұрпақ тәрбиесіндегі үлкен орнына тоқталып, елордада педагогикалық университет ашу мәселесі пісіп-жетілгенін айтты. Жоғары білім саласының қайнағанын жеткізді. Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркебаев тіл мәселесіне келгенде мұғалімдердің ұрпақ тәрбиесіндегі үлкен орнына тоқталып, елордада педагогикалық университет ашу мәселесі пісіп-жетілгенін айтты. Жоғары білім саласының қайнағанын жеткізді.

Ақын, әдебиет сыншысы Сұраған Рахметұлы Түркияның тәжірибесіне сүйеніп, мемлекеттік рәміздерді бағалау, құрметтеу, орналастыруға қатысты пікірі мен ұсыныстарын жеткізді. Астанада Абайтану орталығы жоқтығын, «Жазушылар үйі» болғанмен қалтарыста орналасқанын, бас қалада «Абай үйі» ғимараты салынса, қаламгерлердің ғана емес, жалпы шығармашылық иелерінің бір шаңырағы пайда болатынын атап өтті.

ҚАЛА ТЕАТРЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

Астана қаласы Мәдениет

басқармасына қарасты театрлардың ортақ мәселелері бар. Жиынға қатысқан осы өнер ордаларының басшыларының атынан сөз алған «Наз» мемлекеттік би театрының директоры Еркебұлан Ағымбаев соның ең бастысы жалақының төмендігі екенін айтты. Өз театрының мысалын келтірген ол жалақы төмен болғандықтан «Наз» кадр тапшылығы орын алып отырғанын, кәсіби бишілер қат екенін жеткізді.

Жалпы аймақтық театрларға қарағанда республикалық театрлардың жағдайы көш ілгері. Республикалық театрлар қызметкерлерінің жалақысы да әлдеқайда жоғары, аймақтық театрларда жоқ кейбір артықшылықтар да берілген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында аймақтық театрлардың көпшілігінің жағдайы мәз еместігін айта келе, аймақтарда театрларды салуға және дамытуға баса назар аудару керектігін атап өткен еді. Еркебұлан Ағымбаевтың айтуынша, «Наз» театрында бишілердің зейнетке шығу мәселесі шешілмеген. Жастайынан би театрына келген биші жиырма жыл сахнада өнер көрсеткеннен кейін кәсіби тұрғыдан билеуге қиын болады. Ал республикалық театрларда бұл мәселе реттелген.

«НАЗ» БАЛЕТ ЗАЛЫ КЕРЕК

Басшысының айтуынша, «Наз» мемлекеттік би театры қалалық болғанымен, кәсіби деңгейі республикалық би театрларынан артық болмаса, еш кем емес. Алайда өнер ошағында балет залы жоқ. Шағын ғимаратта, тар сахнада өнерді дамытуға мүмкін емес. Оның пікірінше, Бейбітшілік және келісім сарайының сахнасы би театры талаптарына сәйкес келеді. Еркебұлан Ағымбаев театрға осы ғимаратты алғысы келетінін жасырмады.

Жиында көтерілген мәселелер, айтылған ұсыныстар жерде қалмай, қалалық мәслихат пен қалалық қоғамдық кеңеске, Парламент Мәжілісіне Астана қаласынан сайланған депутаттарға жөнелтіледі.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Соңғы кездері балалардың терезеден құлап кетуі жиіледі. Бұл олардың өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіруде.



Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы Дария Байзулованың айтуынша, мұндай оқиғалардың алдын алу үшін қарапайым, бірақ тиімді қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

– Балалардың терезеден құлауының алдын алу үшін алдымен әр үйде қорғаныс торлары мен терезе бекіткіштерін орнату керек. Бұл терезенің тым кең ашылып кетуін болдырмайды және құлау қаупін жояды. Сондай-ақ кілтпен жабылатын тұтқалары бар терезелерді пайдаланған жөн. Мұндай тұтқалар немесе бекіткіштер балалардың терезені кездейсоқ ашуын болдырмайды, – дейді маман.

Балаларға терезе маңында ойнау қауіпті екенін түсіндіріп, үлкендердің қарауынсыз терезеге жақындамауды үйрету маңызды.

Терезе маңындағы жиһаздарды алып тастау керек. Балалар орындық, үстел сияқты жиһаздарды терезеге көтерілу үшін пайдалануы мүмкін. Сондықтан мұндай заттарды терезеден алыс ұстаңыз.

Мамандардың мәлімдеуінше, ашылу бұрышы шектеулі терезелерді қолданған дұрыс. Мұндай құрылғылар терезені ашылу бұрышын шектеп, құлау мүмкіндігін болдырмайды. Осы кеңестерді сақтау арқылы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады.

ЗАҢСЫЗ ЖАРНАМА АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ

Астанада қаланың сырт келбетін біріздендіру мақсатында белсенді жұмыс жүріп жатыр. Жыл басынан бері елорданың барлық алты аудандарындағы ғимараттардың қасбеттерінен 1200-ден астам жарнамалық маңдайшалар алынып тасталды.



Бас қаланың бірыңғай архитектуралық-көркемдік келбетін «Астана-Жарнама» КММ бақылайды, ол қала аумағында орналасқан сыртқы жарнамаларға мониторинг жүргізеді.

«Астана-Жарнама» КММ қызметкерлері аудан әкімдіктерімен бірлесіп қаланың заңсыз немесе сыртқы келбетіне сай келмейтін жарнама бойынша түсіндіру және алып тастау жөнінде көшпелі іс-шараларды тұрақты түрде өткізеді. Осындай іс-шаралар барысында кәсіпкерлерге маңдайшаларды ауыстыру қажеттігін түсіндіретін ақпараттық буклеттер тапсырылады.

2025 жылдың басынан Байқоңыр ауданында 60-тан астам жарнамалық маңдайша мен элементтер, Сарайшық ауданында 41 маңдайша мен 30 жарнамалық құрылымы алынып тасталды.

Сарыарқа ауданында жыл басынан бері белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін 400-ден астам маңдайша мен жарнамалық конструкция анықталды. Есіл

ауданында осындай 107 белгі мен 129 жарнамалық элемент жойылды.

Нұра ауданындағы магистральдық көшелер бойында орналасқан он тұрғын үй кешенінің қасбеттеріндегі 67 маңдайша мен 14 жарнамалық конструкция заң талаптарына қайшы орналастырылған. Алматы ауданында да 360-тан астам баннерлер, көрсеткіштер, витриналардағы өздігінен желімдеу және басқа да конструкциялар алынып тасталды.

Барлық іс-шара кәсіпкерлерді алдын ала хабардар ете отырып өткізіледі. Хабарлама алғаннан кейін екі апта ішінде олар талапқа сәйкес белгіні өздері алып тастап немесе ауыстыра алады. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңдарының талаптарына сай жүргізілуде.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ АРҚЫЛЫ ҰСТАЛДЫ

Елорданың полиция қызметкерлері екі күндік іс-шара барысында 60-қа жуық қылмысты тіркеп, оның ішінде 35-ке жуығын «ізін суытпай» ашты. Қылмыстың 20-дан астамы бейнебақылау камераларының көмегімен ашылды.

Сақшылар бұрын жасалған қылмыстарды анықтады. Нақтырақ айтқанда, қарсы бағытқа шығып кеткен Changan көлігінің жүргізушісі жауапқа тартылды. Ол өз көлігінің жолаушыларына ғана емес, жол қозғалысының басқа қатысушыларына да қауіп төндірді. Қарсы қозғалысқа арналған жолаққа шыққаны үшін ол әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Материал қарау үшін әкімшілік сотқа жіберілді. Көлік коммуналдық тұраққа қойылды.

Іс-шара барысында іздеуде жүрген 4 қылмыскер ұсталды, есепте тұрған

4 тұлға ұсталды. Есірткі құралдарын заңсыз сақтаған 3 азамат ұсталып, олардан табылған есірткі заттары тәркіленді.

Құқық бұзушылық фактілерін анықтау мақсатында учаскелік полиция инспекторлары жалпы 1207 үйді, 1005 саяжай аумақтарын, 202 қараусыз қалған үйлерді, құрылыс алаңдарын, базарларды және 1216 жалға берілетін пәтерлерді тексерді. Нәтижесінде 87 шетел азаматы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 47 шетелдік Қазақстан Республикасы аумағынан шығарылды.



Индира
БЕРЖАНОВА

АУРУ – АСТАН

2024-2025 оқу жылында еліміз бойынша бастауыш сыныптың 1,7 млн оқушысы тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Оның ішінде Астана қаласы бойынша барлығы 96 мыңнан аса бала ақысыз негізде тамақтанады. Енді өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығы ішіп-жеген тағамына тікелей тәуелді. Мұндайда мектеп мәзіріндегі азық-түліктің сапасы ұлт саулығының келешегін айқындайды. Бірақ бүгінде мектептегі тағамның сапасыздығы мен санитарлық нормалардың бұзылуы секілді түйткілдер жойылар емес. Салдарынан бүгінде Қазақстанда 6-9 жас аралығындағы әрбір бесінші бала артық салмақпен өмір сүреді. Мұны мәлімдеген Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы басқарма төрағасының орынбасары Салтанат Назарова артық салмақтың таралуды бақылау COSI (балалардағы семіздік бойынша зерттеу бастамасы) зерттеуі аясында жүзеге асырылатынын айтты.

«Мектепте тамақтандыру балалардың денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Соңғы зерттеулерге сәйкес, балалардың шамамен 7%-ы семіздіктен зардап шегеді, ал 5%-ында салмақ жетіспеушілігі бар. Олардың 60%-дан астамы жемістер мен көкөністерді жеткіліксіз тұтынады, ал 25,5%-ы күнделікті таңғы ас ішпейді. 15 жастағы жасөспірімдердің тіпті 50%-дан астамы таңғы ас ішпейді. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында қант қосылған сусындарды тұтыну өсуде. Олардың шамамен 17%-ы күн сайын осындай сусындарды іше, ал 60%-ы апта сайын 4-7 реттен тәтті сусындарды ішуді құп көреді. Сонымен қатар тағы бір зерттеуге сәйкес, 11-15 жастағы мектеп жасындағы балалардың шамамен 40%-ы энергетикалық сусындарды ішеді» деді С.Назарова.

ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ КӨП
ЖАҢА СТАНДАРТ

Оқушыларды сапасы күмәнді әрі арзан азық-түлікпен тамақтандыруға болмайтыны сөзсіз. Осы мақсатта мектеп рационның тағамдық құндылығын, қауіпсіздігін, құнарлылығын, әртүрлілігін ескере отырып, оны жақсарту мақсатында жаңа стандарт әзірленді. Стандартты қабылдауға Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрліктері, тамақтану жөніндегі бейінді ғылыми ұйым – Қазақ тамақтану академиясы, ЮНИСЕФ, ДДҰ секілді халықаралық ұйымдар бірлесіп қатысты. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Гүлшарат Қожатова мәлімдеді.

«Мектеп мәзіріне қатысты негізгі мәселелердің бірі – тағамдық құндылығының жеткіліксіздігі,

МЕКТЕП МӘЗІРІНЕ
МӘН БЕРІЛСЕ...

Биыл еліміздегі мектептерде тамақтанудың жаңа стандарты әзірленді. Мектеп мәзірінің жаңа үлгісі алдағы оқу жылынан, яғни 1 қыркүйектен бастап енгізіледі. Оған сәйкес, енді мәзірдегі тұз бен қант мөлшері азайып, кейбір тағам түрлері алынып тасталады. Мектеп мәзіріндегі қазір көңіл көншітпейтін олқылықтар жаңа стандартпен оңала ма? Келер оқу жылында балаға құнарлы әрі пайдалы ас беріле ме?

сондай-ақ тұз, қант және қанықтану майлардың көп болуы мен көкөністер, жемістер мен сүт өнімдерінің балаларға азық етуі. Сондықтан жаңа стандартта оқушыларға теңдестірілген тамақтану қағидаттарына сәйкес келетін мәзір ұсынылады. Мәзір құрамындағы тағамдардағы қант, тұз, қаныққан май нормалары шамамен 2 есе азайды, 75% өсімдік тектес өнімдерді пайдалану ұсынылады (25%-ы – жарма, макарон, ұн және 50%-ы – көкөністер мен жемістер). Бұл өзгерістер балалардағы қан азық пен гиповитаминоздың, сондай-ақ семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамыр аурулары сынды инфекциялық емес аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Оқушылардың жас ерекшелігіне және физиологиялық қажеттілік нормаларына сәйкес, 6-10 жас аралығындағы оқушылардың тәуліктік энергияға қажеттілігі 2100 ккал құраса, 11-14 жаста – 2400 ккал, 15-18 жаста тәулігіне 2800 ккал құрайды. Мектептегі бір реттік тамақтану барысында оқушылар күнделікті калорияның 25%-ын алады.

Қазіргі уақытта жергілікті Білім және Денсаулық сақтау басқармаларының, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының, тамақтану қыз-

меттері өнім берушілерінің және мектеп әкімшілігінің мамандарына тамақтану стандартын енгізу бойынша оқыту өткізу жоспарлануда. Оқыту тамақтану стандартының негізгі талаптарымен танысуға, оны қолдану дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқушылар үшін салауатты және қауіпсіз тамақтануды ұйымдастыруға байланысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған» деді спикер.

Аталмыш стандарт бойынша мектеп асханалары мен буфеттеріндегі сатылымнан енді бірқатар тағам түрі алынып тасталады. Олар: фаст-фуд; ащы тұздықтар, кетчуптер, ащы дәмдеуіштер; технологиялық жолмен өңделген ет және балық өнімдері; тәтті алкогольсіз және энергетикалық сусындар; газдалған және минералды сулар; концентрацияланған диффузиялық шырндар; жеміс-жидек не көкөніс пастерленген шырндар; дәмдік қоспасы бар ауызу; фритюрде қуырылған өнімдер; көкөніс, жеміс, ет, балық, саңырауқұлақ консервілері; құрғақ тағам концентраттарына негізделген бірінші және екінші тағам; термиялық өңдеусіз пастерленбеген сүт, сүзбе және қаймақ; кофе және кептірілген балық.

ҰЛТТЫҚ ТАҒАММЕН
ТОЛЫҒАДЫ

Бастауыш сынып оқушылары тегін тамақтандыру жүйесі бізге шетелден жеткенмен, олардағы тамақтандыру комбинаттары атқаратын жұмыс түрі

көкөніс, жеміс пен сүт өнімдері жетіспейді. Кей мектептерде әлі күнге дейін 60-70-жылдардағы ас мәзірі мен технологиялық карталар қолданылып келеді. Бұл жағдай балалардың тамақтануға қатысты пікірі мен қалауын ескере отырып, мектеп мәзіріне қатысты жаңа көзқарас пен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңа жетілдірілген мектеп мәзірін әзірлеу қажеттілігін көрсетті. Сауатты, теңгерімді тамақтану мәдениеті мектеп қабырғасынан-ақ басталуы қажет. Жаңа стандарт соны көздеп отыр.

Кей ата-аналар балалардың мектеп асханасында тамақ ішуден бас тартатынын айтады. Олар тағам дәмсіз

БАЛАЛАРДЫҢ ШАМАМЕН 7%-Ы СЕМІЗДІКТЕН ЗАРДАП ШЕГЕДІ, АЛ 5%-ЫНДА САЛМАҚ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ БАР. ОЛАРДЫҢ 60%-ДАН АСТАМЫ ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕРДІ ЖЕТКІЛІКСІЗ ТҰТЫНАДЫ, АЛ 25,5%-Ы КҮНДЕЛІКТІ ТАҒҒЫ АС ІШПЕЙДІ. 15 ЖАСТАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТІПТІ 50%-ДАН АСТАМЫ ТАҒҒЫ АС ІШПЕЙДІ

әлі жете қойған жоқ. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкес, тағамның мөлшеріне дейін есептелетін комбинатта әзірленген тағамдар контейнерлерге салынып, арнайы көліктермен ғана мектептерге таратылады екен. Осылайша, халықаралық стандарттың қажетті жерін ала алмай отырған біздің асханалардың жайы ақсап тұр. Мұндай тәжірибе Жапонияда енгізіліп, мектептерге асты ірі тамақтандыру комбинаттары таңертеңмен жібереді. Осы секілді халықаралық озық тәжірибе жаңа стандартты әзірлеу барысында үлгі болды.

Қазақ тамақтану академиясының президенті, медицина ғылымдарының докторы Алма Шарманның айтуынша, стандартты дайындау кезінде Финляндия, Жапония, Оңтүстік Корея, Франция және Ұлыбритания мектептеріндегі тамақтану стандарттары талданды. Әсіресе фин моделі озық үлгі ретінде алынып, әлемдік тәжірибе ұлттық дәстүрімізге және мәдени ерекшеліктерімізге қарай бейімделді.

– Бүгінде мектептегі мәзір бірсарынды. Қоректік құндылығы да төмен. Тұз, қант пен май мөлшері көп болса, ал

немесе калориясы тым төмен екенін алға тартады. Соның салдарынан тағам қалдыққа кетеді. Кей жағдайда тамақ қалдықтарының көлемі 50%-ға дейін жетеді. Аталмыш мәселені шешіп, тамақтанудың сапасын бақылау үшін «жеуге жарамсыздық индексі» енгізілді. Бұл көрсеткіш тағам сапасы, оның берілуі секілді негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Балалардың талғамы мен қалауын ескере отырып, оларға жаңа, заманауи әрі пайдалы тағамдарды ұсынуымыз қажет.

Мысал ретінде бір күндік құрамында ірімшік қосылған қызылша салаты, сиыр еті қосылған қырыққабат орамдары, итмұрын сусыны, пробиотикалық йогурт, маусымдық жеміс пен қара бидай наны ұсынылады. Енді бір күні брокколи, қияр, қызанақ пен тәтті бұрыштан жасалған салат, тұздық қосылып, қайнап піскен қазы, кейін сочни (макарон өнімдері), 2,5%-дық алма, сүт пен жент беріледі. Ланч-пакет үлгісі де әзірленіп, оған қайнатылған сиыр еті мен көкөніс қосылған ролл, йогурт, алма, сүт пен жент, ірімшік, тұздылығы 1%-дан аспайтын

құрт кіреді. Яғни жаңа мәзірде ұлттық ерекшеліктер ескеріле отырып, жент, ірімшік, құрт секілді қазақтың ұлттық тағамдары қосылды, – деді А.Шарман.

ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУ
ҚАЖЕТ

Білім беру жүйесіндегі тың өзгеріс әрі жаңашылдықтың бірі жаңа стандарт енгізілсе орын алмақ. Ал көпшілік армандаған стандарттың үдесінен шығу үшін сапасы да тиісінше бақылануы керек.

Білім беру ұйымдарында тамақтануды ұйымдастыруды, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері жүргізеді. Комитет ақпаратына сай, рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру 2 жылда бір реттен жиі емес, объектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жарты жылда бір реттен жиі емес еселікпен жүзеге асырылады.

Астана қаласында мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында және қосымша білім беретін мекемелерде оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру, сондай-ақ балаларды тамақпен қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу мәселесі білім саласындағы мекемелермен бірлесіп отырып құрылған ведомствоаралық сараптамалық топтың бақылауында. Сараптамалық топтың қатарында 20 адам, атап айтқанда, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, мәліхат депутаттары, «Астана» медицина университетінің қызметкерлері, «Бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру қауымдастығы» өкілдері, Санитариялық-эпидемиологиялық департаменті және ата-аналар кеңесінің төрағалары бар. Оның ішінде «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі елорда мектептеріндегі балалардың тамақтануын 7 жылдан астам уақыт бойы тұрақты түрде қадағалап келеді. Қоғамдық бірлестік 30-дан астам мектепті тексеру барысында асханаларда санитарлық жағдай мен тағам сапасын тіркейтін журналдарды жүргізудегі 10-ға жуық тәртіп бұзушылықтарды анықтады.

«Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиев тексеріс барысында асханаларда мәзір, тағам дайындау процесі, өнімнің есебі, санитарлық жағдай мен азық-түлік сақтау тәртібі назарға алынатынын айтты.

«Біз ведомствоаралық сараптамалық топтың мүшесі ретінде мектепке келген сәттен бастап, қол жуатын орындардың тазалығы мен қолданылатын ыдыстардың күйін тексереміз.

Қаржылық қиындықтарға байланысты мектеп асханаларында диетолог мамандардың болмауы – күрделі мәселелердің бірі. Соның салдарынан азық-түлікті сақтау, тағам сапасын тексеру, тағам мәзірін картотекаға сай дайындау, тағам блогы қызметкерлерінің профилактикалық тексерістен өтуі сияқты маңызды процестер бақылаусыз қалып отыр. Атап айтқанда, қала мектептерінде азық-түлік сақтау мен сапасына қатысты бұзушылықтар көбіне №56 және №62 мектептерде тіркелді. Сонымен қатар қалалық №2, 4, 7, 10 емханалардың бас дәрігерлері мектептерге бекіткен мейіргерлерге диетолог міндетін жүктегенмен, бұл саладағы жұмыстар жеткілікті деңгейде қадағаланып отырған жоқ. Медицина қызметкерлері тарапынан тағам сапасы мен санитарлық жағдай журналдарын жүргізуде өрескел қателіктер орын алуда» деді Е.Қалиұлы.





ТЫЛДА КӨМЕК КӨРСЕТКЕН

Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі ерен. Біздің жауынгерлеріміз майдан шебінде алғашқылардың қатарында жүрсе, тылда соғыстың ауырталығын көтерген ауыл мен қалалардағы қазақтар болды. «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Бұл орайда тыл еңбеккерлерінің жауды жеңудегі рөлі ерекше.

Соғыс жылдары Ақмола қаласында 6 өндіріс орны болған екен. 32 мың тұрғыны бар осы өңірдің бүкіл шаруашылығы алғашқы күндерден бастап соғыс жағдайына көшірілді. Облыс аумағында орналасқан барлық өндіріс орындары майданға жұмыс істеді. Бүкіл халық шаруашылығындағы өнеркәсіп салаларын соғысқа қажетті керек-жарақпен жабдықтауға түгелдей бет бұрды.

1941 жылы тамыз айында Ақмола қаласында арнайы жексенбілік ұйымдастырылып, теміржолшылар 4 паровоз, 3 вагон және 19 шақырым теміржолды тегін жөнеді. Қаладағы қыз-келіншектер, тіпті үй шаруасындағы әйелдер мен мектеп оқушылары майдан қорына 90 тонна металл сынықтарын жинап өткізді. Майдандағы жауынгерлер үшін 100 вагон жылы киімдер мен азық-түліктер жөнелтті. Міне, осындай ерлікке барған астаналық әжелеріміздің бірі – Роза Иманғалиева.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған жылы бар-жоғы 7 жаста еді. Әкесі Иманғали Асылбеков майданға кеткенде, анасы Ақшабек Асылбекова Ақмола қаласындағы станоктар шығаратын зауытта жұмыс істейтін. Розадан кейін туған сідісі Құлпан ол кезде 3 жаста болатын. Анасы жұмыс істейтін зауыт қайтадан жаракталып, Мәскеудің тапсырысы бойынша қару-жарақ бөлшектерін жасайды. Анасы тәулік бойы тапжылмастан жұмыс істеп, үйге келгенде екі қызына қарауға шамасы келмей, есін білмей құлайды екен. Біраз демалғаннан кейін тағы зауытқа кетеді. Олардың үйінде сол кезде Ленинградтан көшіп келген екі кішкентай баласы бар отбасы тұрыпты. Құлпан деген сідісі мен пә-



терде тұрғандардың екі баласы бар ата-аналары жұмысқа кеткенде Роза олармен үйде жалғыз қалады. «Күні бойы жейтінміз екі тілім қара нан мен пияз, күн ұзаққа аналарымызды тосып шаршайтынбыз» дейді Роза апай. 1944 жылы күні-түні демалысыз ауыр жұмыста жүрген Розаның анасы қатты ауырып, өмірден өтеді. Роза 9 жасында анасынан жетім қалып, Құлпан сідісі екеуі ауылдағы әжесінің қолына келеді. Ауылға келіп, үлкендермен бірге майданға көмектесеміз деп, Роза Қарасу ауылындағы көктемгі жұмысқа араласып, картоп салып, күзде көкөніс жинауға

қатысып, үлкендермен бірге жүреді. Үйдің шаруасы ол бар, мектептегі сабағынан да қалмай, бар қиындықты жеңе отырып, мектеп директорынан мақтау грамотасын да алған екен. 1945 жылы әкесі соғыстан аман-есен келіп, үйленеді. Өгейдің аты өгей, қиын күндер мен қиын жылдарды Роза Иманғалиқызы басынан өткерді. Кішкентай Роза нағыз зұлмат заманда өмір сүрген. Саяси қуғын-сүргін жылдары өмірге келсе, балалық шағы соғыс жылдарында таршылықпен өткен. Ауылда бала болып ойнай алмай, балалық шағының қызығын ауыр еңбекпен алмастырған.

Көпке бармай әкесі Иманғали Асылбеков те өмірден өтеді. Роза ол кезде бар-жоғы 13 жаста еді.

Кішкентай кезінде анасы оны алдына алып: «Роза, жаным, оқуды жақсы оқы, көріп тұрсың ғой, күн көру оңай емес, еңбектен де қашпа» деп ақыл-кеңес беріпті. Роза анасының осы өтінішін есіне өмір бақи сақтай отырып, талпынады. Мектепті Роза Асылбекова кілең «5»-ке оқып, күміс медальға бігіреді. 1954 жылы оқуын бітірісімен Алматыдағы қазіргі әл-Фараби атындағы университеттің биология-топырақтану факультетіне оқуға түседі. Еті тірі, өзі пысық, білімі жоғары Роза Асылбекова алғашында мектепте мұғалім, кейіннен партия-кеңес қызметінде болып, Ақмола қалалық кеңес төрағасының орынбасарлығына дейін көтеріледі. Тіпті зейнет жасына тақап қалғанның өзінде Қазақ мемлекетіне ерен еңбек сіңірген боздақтарымыздың бірі, атақты ақын Сәкен Сейфуллиннің Астанада мұражайын ашып, оның алғашқы директоры қызметіне тағайындалады. Ұлы ақынның Сәкеннің жұлдызын жарқыратсам деген арман жетегінде ұзақ жыл қызмет атқарады. Роза Иманғалиқызы қызметінде деген адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында биікке көтерілді, елдің алды болды, туған еліне адал қызмет етті.

Тоқсанға аяқ басса да, ол әлі күнге дейін қоғамдық жұмыстарға араласады. Астана қалалық ардагерлер кеңесі президиумының мүшесі, жастарға тәлім-тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаз, ал немерелеріне аяулы әже. Нағрадалары да жоқ емес. Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің үздігі, «Астана» және «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10, 20 жылдығы медальдарымен қоса Қазақстан Республикасы Ардагерлер кеңесінің ең жоғары наградалысы – «Құрмет» төсбелгісімен және бірнеше құрмет грамотасымен марапатталған.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
ардагер-журналист



Ел басына қауіп-қатер төнген қиын кезеңде Қарағанды облысы Қарсақпай ауданына қарасты Сарысу, Аралтөбе, Жетіқоңыр ауылдарынан майданға 150-ден астам ер-азамат аттанған. Олардың арасында үлкен атам Кәкман Әлменбетов те бар.

БЕРЛИНГЕ ЖЕТПЕЙ ЖАРАЛАНҒАН

Ұлы Отан соғысында атам бірінші Украина майданының 336-дивизиясының 1130-атқыштар полкінде Отан үшін от кешіп, елін, жерін ерлікпен қорғауға атсалысты. Жеңісті жақындату жолындағы жауға қарсы кезекті бір сұрапыл шайқас кезінде Берлин қаласына 250 шақырым қалғанда, 1945 жылдың 29 наурызында ауыр жарақат алып госпитальға түседі. Содан Кисловодск қаласындағы госпитальде 7 ай емделіп, 1945 жылдың қазан айында майдандастары секілді соғыстан елге мүгедек болып оралады. Туған жерге келген соң бейбіт еңбекке араласып, еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосады. Зейнетке шыққанша еңбек жолы Қарағанды облысының сол кездердегі Қарсақпай және Жезді аудандарында, яғни қазіргі Ұлытау ауданында өтті.

Кәкман Әлменбетұлы 1946 жылдан 1948 жылға дейін қолхоз құрылысында еңбек етті. 1948 жылдан 1955 жылға дейін ауылдық кеңестің хатшысы, 1955 жылдан 1963 жылға дейін зоотехник, ферма меңгерушісі, ал 1963 жылдан зейнетке шыққанша, яғни 1979 жылға дейін колхоз-совхозда ауыл шаруашылығының әр түрлі саласында қызмет атқарды. Еңбек еткен жыл-

дары алты рет ауылдық кеңес депутаты болды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен бейбіт өмірдегі қажырлы еңбегі үшін 1 орден, 11 медальмен, бірнеше мақтау қағазы және алғыс хаттармен марапатталды.

Біз, артында қалған ұрпақтары, атамның сол бір сұрапыл соғыстың қатал жылдарында Отан қорғаушылардың қатарында болғанын мақтан тұтамыз. Ол кісі 1997 жылдың 6 қазанында 75 жасқа қараған шағында Жезқазған қаласында қайтыс болды.

Бүгінде соғысқа қатысқан атам да, басқа да майдангерлер арамызда жоқ. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын көре алмай кеткен майдангер ата-әжелерімізге жатқан жерлеріңіз жайлы, топырақтарыңыз торқа болсын деп айта отырып, ерліктеріңіз біздей ұрпақтың есінде мәңгілік қалады дегім келеді. Ал көзі тірі, арамызда жүрген соғыс ардагерлерін, бейбіт күнді жақындауға зор үлес қосқан тың еңбеккерлерін мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Жер бетінде ешқашан соғыс болмасын! Жеңіс туы көкте мәңгі желбіреп тұрсын!

Ұлықбек СӘБИТҰЛЫ,
майдангердің шөбересі

МАЙДАНДА ХАТ ТАСЫҒАН

Астана қаласы Алматы ауданының тұрғыны, жасы жүзден асқан Екатерина Плужникова – Ұлы Отан соғысын бастан кешкен майдангер.



Ата-анасынан ерте айырылған қыз медицина училищесінде оқып жүрген кезінде, 1942 жылы өз еркімен майданға аттанады. 24-жалпыәскери армияның 316-атқыштар дивизиясының командирлері жас қызды Сталинград түбіндегі әскери дала поштасына пошташы етіп тағайындайды.

Майдандағы жауынгерлерге артында қалған жанашырлардан күн сайын ағылып хаттар келіп жататыны белгілі. Жақындарынан жеткен жылы хабар жауынгерлерге қуат берсе, олардан келген жауап хаттар артта қалғандар үшін үлкен үміт отын тұтандыратын. Солдаттардың өздері де қалт еткен

сәтін пайдаланып, өзі туралы хабар беруге тырысатын. Ол кезде әскери пошташы болу өте бір жауапты іс екені сөзсіз. Сонымен бірге ауыр да қатерлі еді. Екатерина Плужникова күнделікті хаттарды жинап, әскери-пошта станциясына жеткізіп отырған.

Соғыс жылдарындағы жауынгерлеріміздің, батыр қыздарымыздың жасаған ерліктері бір төбе, елде аңырап қалған аналардың, әйелдердің, балалардың қажымай тер төккен еңбектері қаншама. Тылдағы ауыр күндер бүгінгі аға ұрпақтың есінде мәңгі қалды.

Бүгінгі таңда Жеңістің 80 жылдығына аман-есен жетіп отырған Екатерина Плужникова – соғыс кезіндегі қажырлы еңбегі үшін көптеген орден-медальмен марапатталған абыройлы майдангердің бірі.

Баянды ӘЛПИ,
журналист,
Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің мүшесі

№46 (4790) 22/04/2025 Сейсенбі

КӨРМЕДЕ – МАЙДАН ДАЛАСЫНДАҒЫ ӨНЕР

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында Жеңістің 80 жылдығына орай «Майдан даласындағы театр: Үміт жағалауы» атты көрме өтіп жатыр. Ресейдегі ірі Бахрушин театр музейі қорынан алынған мұндағы суреттер театр қайраткерлерінің майдандағы өмірінен сыр шертеді.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

«Соғыс қасіретіне қарамастан, көрме қиын жылдары өнер шамшырағын жағып, елдің рухын көтерген барлық өнерпазды еске алу және құрметтеу мақсатында ұйымдастырылды» дейді М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының директоры Айболат Жаудыр.

Бахрушин театр музейінің бас директоры Кристина Трубинованың айтуынша, соғыс жылдары әртістердің бригадалары майданға 42 мың рет шықты, жалпы 3685 бригада майдан даласында 1 млн 350 мың спектакль мен концерт қойды.

Майданға өз еркімен аттанғандардың арасында қылқалам шеберлері де көп болды. Соның бірі – Василий Ковригин. Көрмеден оның «Солдаттарға арналған концерт» (1944), «Майданда қойылған спектакль» (1943), «Госпитальде жатқан солдат суреті» (1942) сынды картиналарын көруге болады.



Сондай-ақ өнерпаздар бригадалары мен театрлардың майданда көрсеткен

өнерінен сыр шертетін, кезінде Кеңес Одағы құрамында болған барлық мемлекеттерден жинақталған архив фотосуреттері көрмеге қойылған. Соның ішінде цифрлық жүйеге көшірілген соғысқа қатысқан танымал әртістердің, Қазақстанның белгілі өнер қайраткерлерінің суреттері бар. Майданда өнер көрсеткен театрлардың қойылымдарынан көріністер де молынан орын алған.

Бір айта кетерлігі, Мәскеуде орналасқан Бахрушин театр музейінің тарихы 1894 жылдан басталады. Оның негізін кәсіпкер, меценат Александр Бахрушин қалады. 130 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан музейде бүгінде 1,5 миллионнан астам жәдігер жинақталған. Астанадағы көрме 18 мамырға дейін жалғасады.

«СЕРПЕРДЕГІ» СЕРПІЛІС

Астанада «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында I республикалық «Серпер» ұлттық өнер байқауының жеңімпаздары анықталды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, байқау ұлттық өнерді ұлықтап, жас таланттарды анықтап, төл өнерді дәріптеуге бағытталған. Өнер додасына 6 номинация бойынша еліміздің түкпір-түкпірінен 70-тен астам үміткерден өтінім қабылданды.

Бірінші кезең онлайн форматта ұйымдастырылып, қатысушылардың бейнематериалы іріктеліп, 42 қатысушы екінші кезеңге жолдама алды. Үміткерлер қазылар алқасының алдында өнер көрсетіп, өз шеберлігін паш етті. Қазылар шешімімен әр номинация бойынша жүзден жүйрік шыққан жастар гала-концерт аясында марапатталды. Нәтижесінде «Домбыра» номинациясы бойынша I орынды Айшолпан Қасымова жеңіп алса, II орынды Ақбөкен Темір, ал III орынды Мейірбек Әзімбаев иеленді. Орындаушылық шеберлігі үшін Нұрғиса Тілендиев атындағы арнайы диплом Нұрәулет Сағатбекке табысталды. «Қобыз» номинациясы бойынша I орынды Әйгерім Ахметжанова, II орынды Анарбек Мырзабай, III орынды Жалғас Нұрашев жеңіп алды. «Сыбызғы» номинациясында

I орынды Аслан Гумаров иеленсе, II орын Асқат Сағатқа, III орын Ерлан Садуаға берілді. «Шерттер» номинациясы бойынша Уали Мұратқазин I орын, Ерік Шамшиден II орын, Тұрар Жарылхапов III орынды иеленді. Халық күйлерін шебер орындағаны үшін Жарқын Шәкәрім атындағы арнайы дипломды Арон Жұбанғалиев жеңіп алды. «Жетіген» номинациясы бойынша I орынды Әйгерім Караменова, II орынды Данагүл Гинаятова, III орынды Ақжүніс Мырзагелдина жеңіп алды. Ал халық әндерін жетіген аспабына шебер өңдегені үшін Болат Сарыбаев атындағы арнайы диплом Назерке Темірбековаға табысталды. «Прима кобыз» номинациясында Ажар Хуан I орын, Гүлдар Нариман II орын, Алина Әуесхан III иеленді. Меруерт Кәленбаева атындағы арнайы диплом Нұрайлым Әбдіге бұйырды.



Суреттер авторы
Данил КОНИЦЕВ



ЖАЗДА ЖҮГІРЕДІ

Елордадағы Ботаникалық бақта жазғы жүгіру маусымының салтанатты ашылуына орай бұқаралық жүгіру іс-шарасы ұйымдастырылды. Соңында қатысушылар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына атсалысып, аумақты қоқыстан тазартты.



Іс-шараға 1200-ге жуық қала тұрғыны мен қонақтары қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған және жыл сайын тұрақты түрде өтетін бұл іс-шарада қатысушылар ұзақтығы 4 шақырымды жүгірді.

Қалалық спорттық-бұқаралық

іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербайдың айтуынша, бастапқыда қатысушылар саны 1000 адаммен шектелмек болған. Алайда тұрғындар тарапынан үлкен қызығушылық туындап, тіркеу лимиті асып түсті.

Жарыс соңында барлық қатысушыға естелік медаль табысталды. Сонымен қатар арнайы ұйымдастырылған ұтыс ойындарында белсенділік танытқандарға бағалы сыйлықтар берілді.

ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Астанадағы №1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің қыздары әлем кубогының екінші кезеңінде 39 елдің үздіктерімен бақ сынасып, өзгелерден оқ бойы оза шапты.

Астаналық «Фурор» командасы байрақты бәсекеде лентамен өнер көрсетіп, қола медаль жеңіп алды.

Бұл жетістік – жаттықтырушылар мен спортшылардың бірлескен еңбегінің жемісі. Команда құрамында Жасмин Жүнісбаева, Кристина Чепульская, Аида Хакімжанова, Айзере Кеңес, Айзере Нұрмағамбетова, Мәдина Мырзабай сынды астаналық спортшылар болды. Жалпы жарыс қорытындысында Қазақстан 3 орынды иеленді. Бірінші орын Қытай, екінші орын Израиль спортшыларының еншісінде.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 46

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ